

Қазақстан Республикасының  
өділет Министрлігі

Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуі

2005 ж. «14» 07  
жүргізілді

Тіркеу нөмірі 132-1004-12-10344

БСН 150740015974

КӨШІРМЕ  
КОПИЯ

“AltynEx Company” АҚ Құрылтайшылардың алғашқы жиналысында  
БЕКІТІЛДІ

Хаттама № 1

Күні: 2015 жылғы 8 шілдеде

“AltynEx Company” акционерлік қоғамының жарғысы

КЕЛЕСІ ЖАҒЫН ҚАРАҢЫЗ  
СМОТРИТЕ НА ОБОРОТЕ

## **I. Жалпы жағдайлар**

1. Осы “AltynEx Company” акционерлік қоғамының (бұдан былай - Қоғам) Жарғысы оның атауын, орналасқан орнын, оның органдарының қалыптасу тәртібін және құзыретін, оның қызметін қайта ұйымдастыру және тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының (бұдан былай «Қазақстан») заңнамасына қайшы келмейтін басқа да жағдайларын анықтайдыер
2. Қоғамның толық атауы:  
Орыс тілінде: Акционерное общество “AltynEx Company”  
Қазақ тілінде: “AltynEx Company” акционерлік қоғамы  
Ағылшын тілінде: “AltynEx Company” Joint Stock Company
3. Қоғамның қысқартылған атауы:  
Орыс тілінде: АО “AltynEx Company”  
Қазақ тілінде: “AltynEx Company” АҚ  
Ағылшын тілінде: “AltynEx Company” JSC
4. Қоғамның атқарушы органының орналасқан орны: Қазақстан Республикасы, индекс 030713, Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Алтынды ауылы.
5. Жеке кәсіпкерлік субъектісінің мәртебесі – ірі кәсіпкерлік субъектісі.

## **II. Қоғамның заңды мәртебесі**

6. Қоғам құрылтайшылардың шешімі бойынша құрылған. Қоғам Қазақстанның заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес теңгерімі, банктік шоттары бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алып, жүзеге асыра алады, міндеттемеге ие бола алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.
7. Қоғамның мөрі, өз атауы бар бланкілері мен қызметін жүзеге асыру үшін қажет басқа да деректемелері бар.
8. Қоғам өз қызметінде Конституцияны, Азаматтық кодексті, Қазақстанның «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңын (бұдан былай «Заң»), Қазақстанның басқа да нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.
9. Қоғам Қазақстанның заңнамасымен орнатылған тәртіпте басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға құқылы.
10. Қазақстанның заңнамалық актілерімен ескерілген тәртіпте Қоғам оның орналасқан орнынан бөлек орналасқан, заңды тұлға болып табылмайтын және Қоғам атынан және тапсырмасы бойынша осындай филиалдар (өкілдіктер) туралы ережелердің негізінде әрекет ететін филиал (өкілдік) түзуге құқылы.

## **III. Қоғамның және акционерлердің жауапкершілігі**

11. Қоғам өз мүлкінің шегінде міндеттемелері бойынша жауапкершілікке ие.
12. Қоғам өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауапты болмайды. Акционерлер Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстанның заңнамалық актілерімен ескерілген жағдайларды қоспағанда өздеріне тиесілі акциялар шегінде Қоғамның қызметіне байланысты шығын тәуекеліне ие.

## **IV. Қоғам қызметінің негізгі түрлері**

13. Қызметтің негізгі түрлері:
  - пайдалы қазбаларды өндіру (upstream) және қайта өңдеу және маркетинг (downstream)

байланысты қызмет; және

• жоғарыда аталғанға қатысты немесе оған байланысты басқа да қызмет түрлері, сондай-ақ Қазақстан заңнамасымен тыйым салынбаған және Қоғамның қызмет ету мақсаттары үшін қажет басқа да кез келген қызмет түрлері.

## V. Қоғам акционерлерінің құқықтары

14. Қоғам акционерлері:

- a) заңнамада және (немесе) осы Жарғыда көзделген тәртіппен қоғамды басқаруға қатысуға;
- b) дивидендтер алуға;
- c) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысымен (бұдан былай «**Жалпы жиналыс**») немесе Жарғымен анықталған тәртіпте Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;
- d) Қоғамның тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
- e) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қоғамның директорлар кеңесіне (бұдан былай – «**Директорлар кеңесі**») сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;
- f) Қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дау айтуға;
- g) Қоғамның дауыс беретін акцияларының 5 (бес) және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен бірлесіп иеленген жағдайда, заңнамада көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына Қоғамның лауазымды тұлғаларының Қоғамға келтірілген залалдарды қоғамға өтеуі және Қоғамның лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың еншілес тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) Қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;
- h) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұраным беруге және Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде негізделген жауаптар алуға;
- i) Қоғам таратылған жағдайда мүліктің бір бөлігін алуға;
- j) Қоғамның акцияларына немесе басқа да бағалы қағаздарына осындай акционерге тиесілі акциялар санына пропорционалды түрде және Заңмен орнатылған тәртіпте Қазақстанның заңнамалық актілерімен ескерілген жағдайларды қоспағанда басымдықпен жазылу құқығын иеленуге;
- k) Заңға және осы Жарғыға сәйкес қосымша құқықтарды иеленуге.

15. Ірі акционердің (акционер немесе Қоғамның 10 (он) және одан астам дауыс беруші акцияларының пайызына (жинақтап алғанда) ие өзара келісім негізінде әрекет ететін бірнеше акционердің) сондай-ақ төмендегідей қосымша құқықтары бар:

- a) акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;
- b) Директорлар кеңесіне осы Заңға сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;
- c) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
- d) акционер есебінен аудиторлық ұйымның қоғам аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар.

16. Артықшылықтары бар акцияларды (егер Қоғам мұндай акцияларды шығаратын болса) иеленетін акционер-иегерлер қарапайым (дауыс беруші) акцияға ие акционер-иегерлер алдында белгіленген көлемде алдын ала анықталған кепілді мөлшерде дивиденд алуға басым құқыққа ие, анығында жыл сайын бір (1) артықшылығы бар акция жүз тенгеге (100) тең болып таза табыс болған жағдайда дивидендтер төленеді (Қоғамның жалпы жиналыс жылдық қаржы есебі бойынша), және Қоғамның Заңмен орнатылған тәртіпте таратылған жағдайында Қоғам

мүлкінің бөлігін алуға құқылы. Артықшылықтары бар акцияларды (егер Қоғам мұндай акцияларды шығаратын болса) иеленетін акционер-иегерлер Заңмен ескерілген басқа да құқықтарға ие.

#### **VI. Акциялар және басқа да бағалы қағаздар; бағалы қағаздарды орналастыру шарттары**

17. Қоғам жай және артықшылықты акциялар шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

18. Жай акция оның иегеріне дауыс беруге енгізілетін барлық мәселелерді шешкен кезде акционерге дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, Қоғамда таза табыс болған жағдайда дивидендтер алуға (Жалпы жиналыстың сәйкес шешімі болған жағдайда), сондай-ақ қоғам таратылған жағдайда Қазақстан заңдарында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

19. Акцияларды шығару, орналастыру және айналымға шығару шарттары мен тәртібі акцияларды шығару проспектісімен анықталады.

20. Қоғам Қазақстан заңнамасына сәйкес конвертацияланатын бағалы қағаздарды, облигацияларды және басқа да бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.

21. Қоғам Қазақстан заңнамасына сәйкес Қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін Қоғамның екінші түріндегі акцияларына айырбастауға құқылы.

#### **VII. Таза табысты бөлу тәртібі: акциялар бойынша дивидендтер**

22. Қоғамның таза табысы (салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің бюджетке төленгенінен кейін) Қоғам жиналысының дивиденд төлеуі, Қоғамның дамуы мен басқа да мақсаттарға пайдалану туралы сәйкес шешіміне сай бөлінуге жатады.

Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер жыл, жартыжыл және (немесе) тоқсан сайын төлене алады. Егер дивидендтерді төлеу Жалпы жиналыс шешіміне сәйкес жарияланатын болса, мұндай дивидендтер Заңмен орнатылған тәртіпте төленуі мүмкін.

23. Дивидендтер орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе акционерлердің Жалпы жиналысы Қоғамды тарату туралы шешім қабылдаған болса, есептелмейді және төленбейді.

#### **VIII. Қоғамның органдары**

24. Қоғамның органдары:

- a) жоғарғы орган – Жалпы жиналыс
- b) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- c) атқарушы орган – Бас атқарушы директор;

#### **IX. Жалпы жиналыс**

25. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мына мәселелер жатқызылады:

- a) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;
- b) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- c) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- d) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

- e) Қоғамның бағалы қағаздарын конвертациялау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;
- f) Қоғамның жай акцияларына конвертацияланатын бағалы қағаздар эмиссиясы мәселелері бойынша шешім қабылдау;
- g) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне ауыстыру туралы шешім қабылдау, осындай айырбастау шарттарын, тәртібі мен процедурасын анықтау;
- h) есеп комиссиясының (егер мұндай комиссия Қоғамда болса) сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- i) Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
- j) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
- k) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
- l) Қоғамның есептік қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
- m) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау;
- n) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- o) басқа заңды тұлғалардың акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) басқа заңды тұлғаларды құруға немесе басқа да заңды тұлғалардың қызметін Қоғамның қатысуы, немесе мүшелері (акционерлері) шығу туралы шешім, сондай-ақ (иеліктен) сатып алу туралы шешім қабылдау;
- p) акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру туралы қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;
- q) Қоғам акцияларды Заңға сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын анықтау әдістемесіне өзгерістерді бекіту (әдістемені құрылтайшылық жиналыспен бекітілмеген жағдайында бекіту);
- г) Жалпы жиналыстың күн тәртібін бекіту;
- с) акционерлерге Қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралын, егер мұндай тәртіп анықтамаған болса, анықтау;
- т) «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою (қолданылатын жағдайда);
- у) шешім қабылдау Заңда және Жарғыда Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

Жоғарыдағы (а)-(d) және (q) тармақшаларында аталған мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен (3/4 кем емес) қабылданады.

Акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері, егер Заңмен және Жарғымен басқалай орнатылмаса, Қоғамның дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акциялары жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

26. Жылдық жалпы жиналысты Директорлар кеңесі шақырады. Кезектен тыс жалпы жиналыс:

- a) Директорлар кеңесінің;
- b) ірі акционердің бастамасымен шақырылады.

Ерікті таратылу үдерісіндегі кезектен тыс Жалпы жиналысты Қоғамның тарату комиссиясы шақырып, дайындап, өткізе алады.

27. Жалпы жиналысын әзірлеу мен өткізуді:

- a) Бас атқарушы директор;
- b) өзімен жасалған шартқа сәйкес қоғамның тіркеушісі;
- c) Директорлар кеңесі; немесе
- d) Қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асырады.

Жалпы жиналысты шақыру, әзірлеу мен өткізу шығындарын, Заңмен ескерілген жағдайлардан басқа, Қоғам көтереді.

28. Қоғамның органдары жылдық Жалпы жиналысты шақырудың Заңда белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, жылдық Жалпы жиналыс кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін. Егер қоғам органдары кезектен тыс Жалпы жиналысты өткізу туралы қоғамның ірі акционерінің талабын орындамаса, Қоғамның кезектен тыс Жалпы жиналысы оның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

29. Кез келген тұлға мұндай тұлғаның сәйкес Жалпы жиналыс төрағасының осы Жалпы жиналыста сөз сөйлеуге рұқсаты болған жағдайында оған қатысуға құқылы.

30. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру нәтижелері немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлер назарына осындай нәтижелерді Жарғымен ескерілген бұқаралық ақпарат құралдарында Жалпы жиналыс аяқталғаннан кейінгі 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жариялау арқылы жеткізілуі тиіс.

#### **Х. Директорлар кеңесі**

31. Директорлар кеңесі Заңда және (немесе) Қоғамның Жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

32. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

а) Қоғам қызметінің басым бағыттарын белгілеу, сондай-ақ Қоғам стратегиясын жасап шығару немесе Қазақстанның заңнамалық актілерімен ескерілген жағдайларда Қоғам дамуының жоспарларын бекіту;

б) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

с) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

д) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

е) қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;

ф) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту (қолданылатын жағдайда);

г) қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау;

h) Бас атқарушы директордың өкілеттігінің мерзімін анықтау, сондай-ақ оның өкілеттіктерін тағайындау және мерзімінен бұрын тоқтату;

і) Бас атқарушы директор мен Бас атқарушы директорға тікелей бағынышты жоғарғы басшылық мүшелерінің лауазымдық айлықақылары мен сыйлықақы мөлшерлерін айқындау;

j) Қоғамдағы ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит бөлімі жұмыскерлерінің еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшерін айқындау;

к) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

l) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

m) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Бас атқарушы директор қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде

аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

п) қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

о) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) 10 (он) және одан да көп пайызы қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

р) қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің 10 (он) және одан да көп пайызы болатын шамаға арттыру;

қ) қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

г) Заңның міндетті шарттарын ескерумен ірі мәмілелер және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

с) Қоғамның жылдық бюджетін бекіту;

т) Жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне жататын мәселелерден басқа Қазақстан заңнамасымен және (немесе) Жарғымен көзделген өзге де мәселелер.

Тізімі осы Жарғының 32-тармағымен орнатылған мәселелерді Бас атқарушы директордың шешуіне беруге болмайды

33. Директорлар кеңесі Жарғыға сәйкес Бас атқарушы директордың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Жалпы жиналыстың шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

34. Директорлар кеңесінің құрамына 6 (алты)-дан артық мүше кіре алмайды. Директорлар кеңесінің 30% (отыз пайыздан) кем емесі тәуелсіз директор болуы тиіс. Директорлар кеңесінің мүшелері тек жеке тұлғалар бола алады. Директорлар кеңесінің мүшелеріне қойылатын басқа да талаптар Қазақстан заңнамасына сәйкес және (немесе) Жалпы жиналыстың сәйкес шешімімен орнатылады (қолданылатын жағдайда).

Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санынан кем емесін құрайды. Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған кез келген мәселеге қатысты шешім Директорлар кеңесі отырысына қатысатын мүшелердің қарапайым басымдығымен қабылдануы тиіс. Директорлар кеңесінің әр мүшесі 1 (бір) дауысқа ие.

35. Директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланады.

Дауыстар тең болған жағдайда Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етіп отырған тұлғаның даусы шешуші болады.

Бас атқарушы директор Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

36. Директорлар кеңесінің мүшелерін тағайындау мен олардың қызметін жүзеге асыру Заңға және осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

37. Күн тәртібі мәселелеріне қатысты материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыстың өткізілетін күніне дейінгі 3 (үш) жұмыс күні бұрын ұсынылады.

38. Директорлар кеңесінің отырыстары Директорлар кеңесі төрағасының немесе Бас атқарушы директорының немесе:

а) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесі;

б) Қоғамның ішкі аудит бөлімі;

с) Қоғамның аудиторлық тексеруін жүргізетін аудиторлық ұйым немесе

д) ірі акционер талабымен шақырылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесінің төрағасына ұсынылады. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің төрағасы немесе атқарушы орган кеш емес екіден шақыру Басқарма өтініші төрағасының алған (2) жұмыс күн шақыруы тиіс.

39. Директорлар кеңесінің немесе Директорлар кеңесінің қандай да бір комитетінің мүшелері,

сондай-ақ сарапшылар Директорлар кеңесінің немесе осындай комитеттің отырысына оның қатысушыларына телефон немесе бір бірін естіп, бір бірімен сөйлесу мүмкіндігін беретін басқа да байланыс түрі бойынша конференц-байланыс арқылы қатыса алады.

40. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесіне шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылдана алады.

Сырттай дауыс беру Директорлар кеңесін шақыруға құқығы бар тұлғалардың бастамасымен жүргізіледі. Сырттай дауыс беруді жүргізу туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына (ол сырттай дауыс беруді жүргізуден бас тартқан жағдайда – бас атқарушы директорға) жазбаша түрде ұсынылады және ол дауыс беруге нақты және бір мәнді қойылған сұрақты (сұрақтарды) қамтуы тиіс.

41. Қоғамның қаржылық-экономикалық қызметін бақылау мақсатында қоғамда ішкі аудит қызметі түзілуі мүмкін. Ішкі аудит қызметкерлері Директорлар кеңесіне немесе Бас атқарушы директор лауазымына сайлана алмайды. Ішкі аудит бөлімі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысының нәтижелері туралы есеп береді.

## **XI. Бас атқарушы директор**

42. Ағымдағы қызметке жалғыз атқарушы орган – қоғамның Бас директоры басшылық етеді.

Бас атқарушы директор Заңмен, Қазақстанның басқа заңнамалық актілерімен немесе Қоғам жарғысымен басқа органдардың немесе Қоғамның лауазымдық тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселе бойынша шешім қабылдай алады.

43. Бас атқарушы директор:

- a) Жалпы жиналыс пен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- b) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- c) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;
- d) Қоғам қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады (Заңмен орнатылған жағдайларды қоспағанда), оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, қоғамның штат кестесіне сәйкес қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Қоғам қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін айқындайды;
- e) Өзі жұмыста болмаған кезде өз міндеттерін орындауды Бас атқарушы директорға бағынышты басқа жоғары лауазымды басшыға жүктейді;
- f) Жоғары лауазымды басшылар арасында міндеттерді және жауапкершілікті, сондай-ақ өкілеттіктер аясын бөледі;
- g) Қоғам жарғысында және қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесінің шешімдерінде белгіленген өзге функцияларды жүзеге асырады.

44. Басқарма кеңесінің барлық мүшелерінің қалыптастыру жағдайда Бас директорге есеп береді.

## **XII. Қоғамның акционерлері мен лауазымды тұлғаларының еншілес тұлғалар туралы ақпаратты ұсыну тәртібі**

45. Қоғам өзінің еншілес тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе Қоғам тіркеушісі ұсынатын деректер негізінде жүргізеді (өкілетті мемлекеттік орган анықтаған тәртіпте ірі акционер болып табылатын тұлғаларға қатысты ғана).

46. Қоғамның ірі акционерлері мен лауазымды тұлғалары Заң талаптарына сай төмендегідей көлемде өзінің еншілес тұлғалары туралы ақпаратты ұсынады:



Жеке тұлғалар туралы						
Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Жеке басын растайтын құжат деректері және туралы ақпарат	Туған күні	Еншілестікті тану негізі	Еншілестіктің пайда болған күні	Ескерту	

Заңды тұлғалар туралы				
Заңды тұлғаның толық атауы	Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден өткізу күні және нөмірі, пошталық мекенжайы және заңды тұлғаның іс жүзіндегі орналасқан орны	Еншілестікті тану негізі	Еншілестіктің пайда болған күні	Ескерту

47. Қоғамның еншілес тұлғалары туралы ақпарат қызметтік, коммерциялық немесе басқа да заңмен қорғалатын ақпаратты құрамайды. Қоғамның еншілес тұлғалары болып табылмайтын жеке және заңды тұлғалары Қоғамға өздерінің еншілес кәсіпорындары туралы ақпаратты еншілестіктің пайда болған күнінен бастап 7 (жеті) күн ішінде ұсынулары міндетті. Қоғам өзінің еншілес тұлғаларының тізімін өкілетті мемлекеттік органға осындай мемлекеттік орган орнатқан тәртіпте ұсынуы тиіс.

### **XIII. Қоғамның ақпаратты жария етуі.**

48. Заңға және осы Жарғыға сәйкес Қоғам акционерлерінің және инвесторлардың мүддесіне қатысты Қоғам қызметі туралы ақпаратты қоғам өз акционерлерінің және инвесторлардың назарына жеткізуге міндетті.

49. Қоғам және оның акционерлері Қазақстанның заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде жариялануы тиіс өзінің мәлімдемелері мен ақпаратын жариялау үшін Қоғамның корпоративтік WEB-сайтын пайдалануы тиіс (құрылғаннан кейін) және Қазақстан Фонд Биржасы WEB-сайтында (Қоғамның акциаларының листингі болғанда) және Заң газетінде.

50. Акционердің талабы бойынша Қоғам акционерге Заңмен ескерілген құжаттардың көшірмелерін Қоғамның осындай талап алған күнінен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей, қызметтік, коммерциялық немесе басқа да заңмен қорғалатын ақпаратты беруге қатысты шектеулерді ескерумен ұсынуы міндетті. Қоғам кез келген құжаттардың көшірмелерін ұсынғаны үшін ақы орнатуға құқылы және оның көлемі көшірме жасау мен құжаттарды акционерге жеткізу құнынан аспауы тиіс.

### **XIV. Қоғамды қайта құру және тарату**

51. Қоғам Жалпы жиналыс шешімімен немесе Қазақстан заңнамасымен ескерілген басқа да негізде қайта құрылып, таратыла алады.

52. Қоғамды қайта құру және тарату тәртібі Заңмен және Қазақстанның басқа нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

#### XV. Қорытынды жағдайлар

53. Осы Жарғымен реттелмегеннің барлығында Қоғам Қазақстанның заңнамалық актілерін басшылыққа алады.

54. Осы Жарғы Қазақстан заңнамасымен орнатылған тәртіпте оның мемлекеттік тіркеуден өткізілген күнінен бастап күшіне енеді.

55. Осы Жарғы ағылшын, орыс және қазақ тілдерінде қол қойылды. Жарғының нұсқалары арасындағы қайшылықтар болған жағдайда, орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.



Лузин Д.Б.  
Өкілетті өкіл

Лузин  
Д.Б.  
Борисович



Нургазиева К.А.  
Өкілетті өкіл

Нургазиева  
К.А.  
Алшынбековна

КЕЛЕСІ ЖАҒЫН ҚАРАҢЫЗ  
СМОТРИТЕ НА ОБОРОТЕ